

“Сарат мектеп- бөбекжай- балабақша кешені” КММ-нің аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша жіберілген кемшіліктер мен ескертулерді жою жұмыстарының қорытындысы

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғандығы туралы мәлімет ұсынылып, мектеп сайтына салынды.
2. 2024-2025 жылға арналған тәрбиеленушілерді қабылдау бойынша ақпараттандыру объектілері арқылы жолдамалары және балаларды қабылдау бұйрықтары туралы құжаттар сайтқа салынды. Тамақтандыру балалардың жас ерекшеліктері, денсаулық жағдайы бойынша бракераждық комиссия жұмыстары, бұйрықтары, хаттамалары және маусымдық мәзір ұсынылды. Сонымен қатар ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға жалақы төлеуге, құралдар сатып алуға жұмсалды не болмаса ақылы қызмет жұмыс жасамайтыны туралы анықтама жазылып, сайтқа салынды. Балабақша кешенінде аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан қысқа мерзімді топтар құрылмағандығы жөнінде және балабақша кешенінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар), тәрбиеленушілер жоқ екендігі туралы анықтаманың көшірмесі сайтқа салынды. 2024-2025 жылдарға арналған балабақшадағы әдістемелік, қамқоршылық, педагогикалық кеңестердің бұйрықтары мен хаттамаларының көшірмелері сайтқа салынды. 2024-2025 жылдарға арналған балаларды қабылдағын кездегі ата-аналармен жасалған келісім-шарттар ұсынылып, сайтқа салынды. Сонымен қатар пандус, тактильді тақталар суреттері сайтқа жүктелді.
3. Білім беру қызметіне мектепалды тобының педагогтері және ата-аналарының сауалнама нәтижесі ұсынылып, сайтқа салынды. Сауалнама Telegram каналда Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті маманының қатысуымен өткізілген болатын. Сауалнамаға мектепалды сыныптарының ата-аналары мен педагогтері қатысқан болатын. Сауалнама нәтижесі шығарылып, мектеп сайтына жүктелді.
4. Біліктілік санатының деңгейін Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңының және педагогтердің біліктілік санатын беру қағидаларының талаптарына сәйкес, педагог кадрлар біліктілік санатының деңгейін 5 (бес) жылда бір реттен сиретпей арттыруы тиіс. 2020–2025 жылдар аралығында аталған Педагогтер А. Саркытов, Т. Сәрсенқалықов, С. Қожағұл, Н. Төралы, Ж. Асанбаев өздерінің біліктілік санатының деңгейін арттыру үшін тестіге барып, өтпеген болатын. Нәтижелері сайтқа жүктелді. Сонымен қатар тәрбие орынбасарлар А. Амангелдиева, Р. Жанабаев басшылық бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өтіп, сертификаты сайтқа жүктелді. Білім беру

объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы, өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігіне бақылау объектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау немесе тексеру нәтижелері туралы актінің көшірмесі жүктелді.

5. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау 5.8 тармағы талабына сәйкес келмеуіне байланысты 2024-2025 оқу жылындағы 1-4 сыныптағы «Дүниетану»

5. Оқу пәнінің шеңберінде 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4 сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерінің, 5-9 сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттан дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытуымен іске асырылуына байланысты түзету жұмыстары жүргізілді. Жауапты мұғалім Ануарбек Саркытовқа ескерту беріліп, шарасы алынды.

“Сарат мектеп-бөбектанып-балабақша орталығының”
Қаражат бөлімшесі:



Ж.Б. Қайдақова